

№ D00075 06.09.2021 ж

**Топтық жұмыс арқылы бастауыш сынып
оқушыларының дағдыларын қалыптастыру**

ТУЛЕКЕЕВА АЙГЕРИМ САГАТАЕВНА

*Қостанай облысы Рудный қаласы
«№13 жалпы білім беретін мектебі» КММ.
Бастауыш сынып мұғалімі*

Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез-келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – Ұстаз. Тек мықты ұстаз ғана осындай ауыр жүкті алып жүре алады.

Сын тұрғысынан ойлау – оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Бұл сынып үшін маңызды, себебі, сынып оқушыларының сабақ айтқан кезде математикалық терминдерінің, тілдік қорларының жетіспеуі және сыни тұрғыдан ой жүгірте алмауы басты проблема болып отыр. Сол себепті оқушылардың санасында ойлау әрекетінің мақсатын қалыптастыру, оқылатын материалға қызығушылығын тудыру және сабақта ұжымдық ойлау әрекетін қолданып белсенділіктерін арттыруды алдыма мақсат етіп қойдым.

Топта жұмыс істеу сыныпта ынтымақтастық орнату үшін, өзара әрекеттестік орнату үшін қажет. Ол үшін топтарды дұрыс ұйымдастыра білу керек және топта жұмыс жасау ережелерін құру қажет. Сонымен қатар, топтағы мүшелер саны мен топтағы жұмыс нәтижесі топтағы бірлескен жұмысты көрсетеді. Оқушыларды топқа бөлгеннен кейін топтың жекелеген мүшелері бір-бірін құрметтей отырып жұмыстанатын дәрежеге жеткізу керек, яғни жұмыстың алғышарттарының бірі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы күтілетін нәтижеге жетуге негізделген.

Мұғалім топтарға арналған ережелерді әзірлей отырып немесе топ мүшелерінің жеке ережелерін келісуі арқылы топтық жұмысқа бейімдейді. Қандай топтық жұмыс болмасын сол топты құрайтын нақты адамдарға арналған ереже құрылғаны маңызды.

Ережелерде адалдық мәдениетін күшейту, ұжымдық жауапкершілік белгілеу, тыңдау машықтары тәжірибесін дамыту, топ міндеттері мерзімін сақтау, шығармашылық пен стандартты емес, идеяларды бағалау, қайырымдылық ескерілу керек. Топтық ережені күн тәртібінде бақылауда ұстау арқылы топтық жұмыстың өнімді болуына қол жеткіземіз.

«Топ мүшелеріне адамдармен жұмыс істеу үшін оларды жақсы көру міндетті емес екенін ескертіңіз. Кәсіби өмірде сияқты топтық жұмыста адамдар топ құрамында жұмыс істейді, жеке дау-дамайларды барлық топтың алға жылжуына кедергі жасамайтындай етіп шешу керек. Сонымен қатар, топтық жұмысты ұйымдастырушы мұғалім «Топ ережелерін қабылдаған әрбір адамды бұл топтан тыс жеке блок құрудан сақтап, алға қарай апарды».

Адамдар бастапқыдан-ақ айтылған пікірлермен келіспеген жағдайда да әрбір дауыс естілуге құқылы. Топтың әрбір қатысушысы өз көзқарасын, пікірін білдіруін ынталандыру керек, олар естілмей қалмасын. Топ жұмысына топ мүшелерінің әрқайсысы тең дәрежеде қатысуға тиіс. Бұл олардың әрқайсысы бір нәрсені істеу керек дегенді білдірмейді. Бәрінен де, міндеттер топ мүшелеріне қалай бөлінетіні туралы ақылдасып шешкен дұрыс болады.

Топ мүшелері, сондай-ақ, бір-бірімен тәжірибе алмаса және басқалардың идеяларына сүйене отырып, өз үлесін қосуға дайын болуға тиіс» деген нұсқауларды негізге алуы тиіс.

Бұл әдісте оқушылар ұжым болып жұмыс жасауға үйренеді. Топпен жұмыс істеудің маңыздылығы:

- топ жеке адамның пікірімен санаса білуді үйренеді;
- әр оқушы өз тобының беделін, намысын қорғауға тырысады;
- бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас орнайды, өзгенің пікірімен санаса білу, ойларын айта білу дағдысы қалыптасады.
- оқушы бойында қиял, шығармашылық дамиды;
- бойларындағы ұяңдық, жасқаншақтық сияқты психологиялық мінез кеселдерінен арылады;
- сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Оқушылар топтарға бірлескен жағдайда топ мүшелерінің жеке қабілеттері мен топқа қосқан үлесі құрметтеледі; жұмыс барысында механикалық есте сақтау мен қайталау процесстерімен бірге, ақпараттар өңделіп, қорытындыланады; топ мүшелерінің әрқайсысы басқа оқушылардың көзқарасымен таныса отырып, өзіне қажеттіні алады және оған өз көзқарастарын білдіре отырып, соны қорғауға мәжбүр болады да, өз ойларын тұжырымдап үйренеді.

Топтық жұмыс мынадай жетістіктерге жеткізетініне көзім анық жетті:

- Оқушылардың оқу және танымдық қабілеттері дамиды.
- Оқушылардың қорқыныш сезімі мен беймазальғы төмендейді
- Сабақтың уақыты тиімді үлестіріледі.
- Сыныптағы психологиялық ахуал жақсарады, жауапкершілік сезімі арта түседі.
- Берілген білім берік қабылданады, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра алады.
- Сыныптағы жұмыс сараланады.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін есейген кезде де қажет болады деп есептеймін. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз. Сондықтан өз пікірлерін, көзқарастарын және басқалардың ойларын дәлелдей біледі. Сондықтан мен топтық жұмыс өте маңызды деп шешіп, өзімді де, оқушыларды да өзгерттім деп ойлаймын.

Өз тәжірибемде оқушылардың бірлескен жұмысын жүзеге асыру мақсатында өткізген төрт сабағымда топтық жұмыстарды жүргізуім сыни тұрғыдан тәсілдерді қолдануым болып табылады. Топқа бөлудің өзін де әртүрлі етіп өткіздім. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету, қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру, дағдыларын қалыптастыру – менің негізгі көздеген мақсатым болды. Себебі топпен жұмыс жасау барысында, оқушылар сыныптастарымен бірге әрекет етіп бірін-бірі түсіндіріп жетілдіріп отырады.

Бірінші сабақтарымда оқушылар топқа бөлінудің өзінде түсініспеушіліктер орын алды. Топтағы оқушылар өз қалауы бойынша отырғысы келіп реніш білдіргендері де болды. Бұл кезде оқушылар не мақсатпен топтасқандарын дұрыс түсінбегендіктен болды деп ойлаймын.

Екінші сабақта оларды топқа бөлуде келіспеушілік мүлдем болмады дей аламын, себебі оқушылар біріншіден бұл әдіске үйренген болса, екіншіден топтасып жұмыс істеген ұнайтынын көрсетті. Үй тапсырмасын тексеру кезінде бір-біріне көмектесіп, ынтымақтаса жұмыс істеді.

Мен оқушының белсенділігі мен танымдық іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын топпен жұмыс істеу және жұппен жұмыс істеу кезінде оқушы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, не қателігін мойындауға, қателігін көрсете білуге, пікірлесе отырып шешім қабылдауға үйретуді жөн көрдім. Сол арқылы оқушыда өз білімін бағалау және бақылау, өз-өзін реттеу дағдысы меңгеріледі.

Жаттанды емес терең ой елегінен өткізіп, жаңалықты өзі ашқан түрде игереді. Менің ойымша топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқушылардың белсенділігін жетілдіреді, қызығушылықтарын арттырады.

Өйткені, оқушылар топтық жұмыс кезінде ашылды деп айта аламын.

Сол сияқты топтың да жалпы пікірін білу маңызды. Себебі, ол бірнеше оқушының пікірлерінен пайда болады.

Кішкентай бүлдіршіндер топтық жұмыс арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, мектепке деген қызығушылықтары арта түсті. Бір-бірімен ақылдасып, пікір алмасып, араласып үйренді.

Өздерін еркін ұстап, бір-бірін бағалай білді. Тіпті сөздік қорлары дамып қолданысқа мынадай сөздер де енді: «Сен келісесің бе...?», «Сен қарсы емессің бе..?», «Қалай ойлайсың..?», т.б.

Қорыта келе, сыныбымдағы іс-ірекеттердегі зерттеу бағытындағы зерттеуім барысында сындарлы оқыту тәсілдерінің оқушылардың белсенділігін арттыру, оқу сапасын жақсарту сыныпта қалыпты жағдай тудыруға мүмкіндік беретініне көзім жетті. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер негізінде сабақта оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын білдім.

**Деңгейлеп саралап оқыту ағылшын тілін
тиімді үйрету технологиясы ретінде**

МҰХАНОВА АЛТЫНАЙ ҚҰРМЕТҚЫЗЫ

*Атырау қаласындағы химия – биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебіні, ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Мақала тілдерді оқытудың әдістемесін зерттеуден туындаған. Мақалада ағылшын тілін оқытуда кездесетін қиындықтар мен мәселелердің алдын алу жолдары қарастырылған. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының мүмкіндіктері және оны қолдана отырып ағылшын тілін деңгей мен үлгерім бойынша саралап үйрету әдістемесі зерттелген.

Негізгі сөздер: жаңартылған оқу бағдарламасы, ағылшын тілі, оқыту технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту.

Кіріспе

Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен білім саласындағы соңғы реформа ретінде жалпы білім беретін мектептер жаңартылған бағдарламаға көше бастады. Осы реформаны алғаш бастаған Назарбаев зияткерлік мектептері екенін атап өткен жөн. Білім саласындағы өзгерістер осы мектептен басталып, қазіргі уақытта барлық жалпы білім беретін орта мектептерде жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарлама бойынша мұғалімнің басты міндеті – баланың өз бетімен ізденуі мен оқуына жағдай жасау. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында білім берудің әртүрлі әдіс-тәсілдері мен технологиялары қолданылады. Өзінің жеке шығармашылық қабілеті мен ұстанымдарына байланысты мұғалім білім берудің түрлі технологиялары мен тәсілдерін таңдап қолданады және өз бетінше жаңа технологиялар ойлап табуға да құзіретті.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда білім берудің жетекші бағыттарының бірі саралап оқыту болып табылады. Деңгей бойынша саралап оқыту әр оқушының қабілеті мен ынтасына, үлгеріміне қарай оқытудың тиімді тәсілдерін қарастырады. Бұл технологияның тағы бір артықшылығы – жеке де, топқа бөліп те оқытуға ыңғайлы. Оқушылар берілген материалды таңдай алады және бір деңгейден екіншісіне өтіп отыру арқылы ынталанып оқиды.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы мектептегі алдыңғы қатарлы тенденциялардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл технологияның тағы бір артықшылығы – оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасай алуы. Осы кезде мұғалімнің жұмыс жүйесі төмендегі қадамдарды қамтиды:

- * Оқушылардың білім алудағы олқылықтарын жою;
- * Үлгермеушілік себептерін жою;

* Оқуға деген қызығушылық пен ынтаны қалыптастыру;

* Оқу тапсырмалары мен оқушы іс-әрекетін бағалауды саралау (қиындық дәрежесі бойынша)

Сыныпшылық саралау кезеңінде сыныпты шартты бөлеміз:

* ақыл-ой дамуының деңгейі (жетістіктер деңгейі) бойынша;

* тұлғалық-психологиялық типтер бойынша (ойлау түрі, мінез акцентуациясы, темперамент және т.б.) [1, 112 б.]

Біздің деңгейлік саралау технологиясын қолдануымыздың негізгі мақсаты – әрқайсысын оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту. Бұл әр оқушыға өз қабілеттері бойынша максималды білім алуға және жеке әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл технология оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Сараланған оқыту мұғалімдерден оқушылардың жеке қабілеттері мен оқу мүмкіндіктерін (зейіннің, ойлаудың, есте сақтаудың және т.б. даму деңгейі) зерделеуді, олардың белгілі бір пән бойынша білімі мен іскерлігінің деңгейін диагностикалауды талап етеді, бұл түзету әсеріне қол жеткізу мақсатында одан әрі дараландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін және бірыңғай тапсырмаларды қолдана отырып, әр мұғалім:

1. оқушылардың дербестік дәрежесі;
2. оқушыларға көмек көрсету сипаты;
3. оқу іс-әрекеттерінің нысаны бойынша бөледі.

Саралау әдістерін бір-бірімен біріктіруге де болады, оқушыларға тапсырмаларды таңдатуға да болады.

Саралап білім берудің негізгі әдістемелік шарттарына:

1. Оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін есепке алу;
2. Саралау тапсырмаларын жүйелеу;
3. Оқу әрекетін жеке және топтық ұйымдастыру;
4. Мұғалімнің кәсіби деңгейде саралап оқытудың әдістемесін меңгеруі.

Деңгейлеп саралап оқытудың аспектілері:
.Мұғалім үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөле алады және жақсы оқитын оқушыға бағыт бере алады;

.Оқуға деген уәждеме артады.

Деңгейлеп саралап оқыту барысында сыныптағы оқушылар үш топқа бөлінеді:

I топ – білім деңгейі жоғары оқушылар;

II топ – білім деңгейі жеткілікті оқушылар;

III топ – білім деңгейі орташа оқушылар.

Оқу материалын тек оқушылардың деңгейіне қарап емес, сонымен бірге сабақтың шығармашылығы, күрделілігі мен көлемі бойынша да бөлуге болады[2, 78 б.].

1. Шығармашылық деңгейі бойынша оқу тапсырмаларын саралау.

Бұл әдіс репродуктивті немесе өнімді (шығармашылық) болуы мүмкін оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипатындағы айырмашылықтарды қамтиды.

Репродуктивті тапсырма ретінде жақсы зерттелген тақырыптардың сұрақтарына жауап беруді алуға болады. Сонымен қатар оқушылардан білімді көбейту және оларды әдеттегі жағдайда қолдану, үлгі бойынша жұмыс жасау, жаттығуларды орындау қажет.

Өнімді (продуктивті) тапсырмаларға стандарттыдан өзгеше жаттығулар жатады. Оқушылар білімді өзгерген немесе жаңа, бейтаныс жағдайда қолданып, күрделі ойлау әрекеттерін жасайды. Өнімді тапсырмалармен жұмыс жасау барысында оқушылар шығармашылық қызмет тәжірибесін алады. Саралап оқыту әртүрлі жолмен ұйымдастырылады. Көбінесе оқу деңгейі төмен оқушыларға (1-топ) репродуктивті тапсырмалар, ал орта (2-топ) және жоғары (3-топ) оқу деңгейі бар оқушыларға шығармашылық тапсырмалар ұсынылады. Біз Назарбаев Зияткерлік мектебінде саралап оқыту технологиясын ағылшын тілін тиімді оқытуда пайдаланамыз.

1-мысал. Мәтіндерді оқу

<i>1-топқа арналған тапсырма /күрделіліктің төмен деңгейі/.</i>	<i>2-топқа арналған тапсырмалар /күрделіліктің орташа деңгейі/.</i>	<i>3-топқа арналған тапсырмалар /күрделі деңгей/.</i>
Оқыған мәтінге мағынасы қарама-қарсы болатын сөйлемдерді табыңыз.	Мәтіннің мағынасын толық аша отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.	Оқыған мәтінге байланысты өз ойыңызды білдіріңіз.

2. Күрделілік деңгейі бойынша оқу тапсырмаларын саралау.

Саралаудың бұл әдісі сабаққа жақсы дайындалған оқушылар үшін тапсырмаларды қиындатуға бағытталады:

* материалдың күрделенуі (зерттелетін материалдың көлемін ұлғайту, тапсырмалар пункттерінің санын көбейту, терең зерттеу).

* негізгі тапсырмаға қосымша салыстыру операциясын орындау

• тікелей емес, кері тапсырманы пайдалану[3, 42 б.].

2-мысал. Грамматика

<i>1-топқа арналған тапсырма/күрделіліктің төмен деңгейі/.</i>	<i>2-топқа арналған тапсырмалар /күрделіліктің орташа деңгейі/.</i>	<i>3-топқа арналған тапсырмалар /күрделі деңгей/.</i>
Сөйлемдерді аударыңыз. Герундийді қолдана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіз.	Герундийді қолдана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіз. Герундийдің формасын анықтаңыз.	Герундийді қолдана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіз. Герундийдің формасын анықтаңыз. Герундийдің қызметі бойынша топтастырыңыз.

3. Оқу материалының көлемі бойынша тапсырмаларды саралау.

Саралаудың бұл әдісі 2-ші және 3-ші топтардың оқушылары негізгі тапсырмадан басқа, онымен бірдей негізгі тапсырмаға ұқсас қосымша тапсырманы орындайды деп болжайды.

Тапсырмаларды көлем бойынша саралау қажеттілігі оқушылардың әр түрлі жұмыс қарқынына байланысты. Баяу балалар, сондай-ақ оқу деңгейі төмен балалар, әдетте, сыныпта оны тексергенге дейін өз бетінше жұмыс істеп үлгермейді, оларға бұл үшін қосымша уақыт қажет. Қалған балалар бұл уақытты барлығы үшін міндетті емес қосымша тапсырманы орындауға жұмсайды.

Әдетте, көлем бойынша саралау саралаудың басқа әдістерімен біріктіріледі. Қосымша ретінде шығармашылық немесе қиын тапсырмалар, сондай-ақ негізгі тапсырмалармен байланысты емес тапсырмалар ұсынылады, мысалы, бағдарламаның басқа бөлімдерінен. Қосымша логикалық тапсырмалар, ойын сипатындағы стандартты емес тапсырмалар болуы мүмкін. Оларды оқушыларға карталар, кроссвордтар, сауалнамалар түрінде тапсырмалар ұсыну арқылы даралауға болады. Оқушылардың әртүрлі топтары үшін оқу тапсырмаларында айырмашылықтар бар. Барлық балалар жаттығуларды орындайды, бірақ кейбіреулері мұғалімнің басшылығымен, ал басқалары өздігінен жасайды.

3-мысал. Тыңдалым

1-топқа арналған тапсырма/ <u>күрделіліктің төмен деңгейі</u> /.	2-топқа арналған тапсырмалар / <u>күрделіліктің орташа деңгейі</u> /.	3-топқа арналған тапсырмалар / <u>күрделі деңгейі</u> /.
Дұрыс\дұрыс емесін анықтап, summary жазыңыз.	Дұрыс\дұрыс емесін анықтап, summary жазыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.	Дұрыс\дұрыс емесін анықтаңыз. Тыңдаған мәтініңіз бойынша түсінік айтыңыз. Бас кейіпкердің әрекетіне баға беріңіз.

4. Оқушылардың дербестік дәрежесі бойынша жұмысты саралау.

Саралаудың бұл әдісімен ерекше жұмыс келесідей ұйымдастырылады. Индикативті кезеңде оқушылар тапсырмамен танысады, оның ережелерін анықтайды. Осыдан кейін кейбір балалар (көбінесе бұл 3-ші топ) тапсырманы өз бетінше орындай бастайды. Қалғандары мұғалімнің көмегімен шешім әдісін немесе ұсынылған үлгіні талдайды, жаттығудың бір бөлігін алдын-ала орындайды. Әдетте, бұл балалардың басқа бөлігі (2-ші топ) өз бетінше жұмыс істей бастауы үшін жеткілікті[4, 25 б.]. Жұмыста қиындықтар туындаған оқушылар (әдетте бұл 1-ші топтың балалары, яғни оқу деңгейі төмен оқушылар) мұғалімнің басшылығымен барлық тапсырмаларды орындайды.

5. Оқушыларға көмек көрсету сипаты бойынша жұмысты саралау.

Бұл әдістің алдыңғыдан айырмашылығы барлық оқушылар бірден өз бетінше жұмысқа кіріседі. Бірақ тапсырманы орындауда қиындықтарға тап болған балаларға мұғалім тарапынан көмек көрсетіледі[5, 56 б.].

Ең көп таралған көмек түрлері: а) көмекші тапсырмалар, жетекші сұрақтар түріндегі көмек; б) "кеңестер" түріндегі көмек (көмекші карталар, кеңес беру карталары, тақтадағы жазбалар және т.б.).

Химия-биология бағытындағы НЗМ-де өткізілген ағылшын тілі сабағында сабақ мақсаты ретінде кем дегенде 3 тапсырманың артықшылықтары мен кемшіліктерін оқып, табу; бейнедегі 3 тапсырманың кем дегенде 2-ін тыңдап, жауап беру ұсынылды. Сабақ барысында топтық ынтымақтастық, топта өзара идея, пікір алмасу, пікірлердің әртүрлілігін құрметтеу басты ұстаным ретінде алынды.

Жеделдету қағидаты бойынша оқушыларды деңгей бойынша саралап, топқа бөлдік. Топта екі-үш адамнан топтастырылды.

Жетекші топқа 5 түрлі жұмыс түрімен дәлелдеу әдісін қолдана отырып, тапсырмаларға қойылатын талаптар берілді. 3 түрлі жұмыс түрімен дәлелдеу әдісін қолдана отырып, басқа топтарға тапсырма талаптары берілді.

Саралауды ұйымдастыру кезінде оқушылардың қабілеттерін және тапсырманы орындау жылдамдығын ескере отырып, топтарға бөлу тиімді болды. Дифференциацияның жеделдету түрінің арқасында өздерінің ыңғайлы қарқыны мен қабілеттерінде бола отырып, барлық оқушылар мақсатқа қол жеткізді. Сол арқылы оқу материалын меңгерудің әртүрлі жылдамдығы бар оқушыларды қолдауға қол жеткізілді. Аргументтеу оқыту моделі мәтінді талдауға, әр жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін дәлелдермен таба отырып, басқа да қосымша мысалдар және түсініктемелер ұсыну сыни ойлауды дамытуға көмектесті. Әр оқушы мәтінді оқи алды, сыныптастарымен өз ойларымен бөлісті, алдымен оларды топта талқылап, содан кейін жалпы қорытындыға келіп, сынып алдында өз жұмыстарын ұсынды.

Қорытынды

Деңгейлеп саралап оқыту сабақ барысында мұғалімнің оқушының мүмкіндіктеріне қарай жұмыс жүргізуіне ыңғайлы болып табылады. Сондықтан сабақ барысында мұғалімнің әр оқушыға бөлетін уақыты, беретін тапсырмасы мен оны тексеруі әрқалай жүзеге асырылады. Берілген технологияның басты мақсаты әр оқушыны өз жылдамдығы бойынша дамытып, нәтижелі білім беру. Балаларға сабақ барысында оқу мақсаттарын таныстыру және соған бірге жету олардың сабақты түсінуге деген ынтасын жоғарылатады.

Ағылшын тілі сабағында мұғалім мен оқушы арасындағы субъектілі қарым-қатынас сақталғаны жөн. Сонымен қатар оқушылардың жеке даму ерекшеліктеріне қарай оларға үшдеңгейлі тапсырмалар береміз. Осы арқылы үлгерімі жоғары оқушылар тақырыпты жылдам және тереңірек меңгерсе, орташа оқушылар өзгелерден қалып бара жатқанын сезбейді. Өз деңгейінде алға жылжиды. Осы арқылы оқу үдерісінің басты мақсаты орындалады.

Әдебиеттер тізімі:

- 2. Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. "Возрастные возможности усвоения знаний." Москва, 1966 ж.
- Закирова З.Б. "Индивидуализация самостоятельной работы как средство умственного воспитания учащихся" (IV-VIII класс) Москва, 1973 ж.
- Климов Е.А. "Индивидуальный стиль деятельности в зависимости от типологических свойств нервной системы." Казань, 1969 ж.
- Лында А.С. "Методика формирования самоконтроля у учащихся в процессе учебных занятий" М, 1973 ж.
- Уит И.Э. "Индивидуализация и дифференциация обучения" М., Педагогика, 1994 ж.

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

КЕНЕГЕСОВА ЖАДЫРА МЫНТУРГАНКЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы. Қарғалы селосы.

№ 53 жалпы білім беретін мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын.

Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу.

Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделіп жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін. **Қызығушылықты ояту** кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. **Мағынаны ашу** – кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын.

Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы. **Ой толғау-** кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер еңгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

№ E00011 06.09.2021 ж

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

ДЖЕНТИНБАЕВА УЛЬЯНА КИНАБОВНА

*Қарағанды облысы Приозерск қаласы
№ 2 мектептің математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа

қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

№ E00013 08.09.2021 ж

Өзін-өзі тану пәнінің қазіргі таңдағы өзектілігі

ЕЛЕМЕСОВА ЛАЗЗАТ КУРМАНГАЗИЕВНА

Түркістан облысы Түркістан қаласы

*Абай атындағы №31 жалпы орта мектеп коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі тану пәні мұғалімі*

«Әр адамда-күн,
Тек оны жарқыратыңыз»
Сократ

Барлық ғасырларда адамдар рухани-адамгершілік тәрбиені жоғары бағалады. Қазіргі қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бізді Қазақстанның болашағы, оның жастары туралы ойлауға мәжбүр етеді. Қазіргі уақытта моральдық бағдарлар бұзылды, жас ұрпақты руханиятсыздық, сенімсіздік, агрессивтілік қасиеттер басып алды деуге болады.

Жалпы білім беретін мектептің алдына өз бетінше бағалауға және өз қызметін айналасындағы адамдардың мүдделеріне сәйкес құруға қабілетті жауапты азаматты даярлау міндеті қойылады. Бұл мәселені шешу оқушының жеке басының тұрақты рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырумен байланысты.

Осыған байланысты 2001 жылы Қазақстан Республикасының Бірінші ханымы Сара Алпысқызы Назарбаеваның бастамасымен қолға алынған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының рөлі мен маңызын бағаламауға болмайды.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасы өзіне жол табуға, өзінің ең жақсы қасиеттерін, өзінің жоғары «мен» қасиеттерін ашуға және әрқашан адам болып қалуға көмектеседі – бұл сөздер «өзін-өзі тану» идеясының авторына тиесілі.

Өзін-өзі тану өте ерте балалық шақта басталады, бірақ содан кейін оның ерекше формалары мен мазмұны бөлек. Біріншіден, бала өзін физикалық әлемнен бөлуді үйренеді – ол әлі күнге дейін оның өзіне ненің қандай қатысы бар екенін білмейді. Кейінірек ол өзін басқа мағынада – әлеуметтік микро топтың мүшесі ретінде тани бастайды. Бірақ бұл жерде де ұқсас құбылыс байқалады: ол өзін басқалардан нашар ажыратады, бұл әйгілі балалық эгоцентризмде көрінеді: баланың санасында ол өзін-өзі әлеуметтік микро-әлемнің орталығы сияқты сезінеді.

Ақыр соңында, жасөспірімде «рухани өзін-өзі тану» басталады – оның психикалық қабілеттері, мінезі, адамгершілік қасиеттері.

Бұл процесс рухани және адамгершілік мәселелерді шешуде ұрпақтардың жалпыланған жұмысын білдіретін мәдени тәжірибе қабатын белсенді игерумен қатты ынталандырылады. Жасөспірімнің өмірінде бұл процесс «мен кімін?», «мен қандай болуым керек?» деп аталады.

Дәл осы жаста «идеалды өзін-өзі» саналы жеке идеал қалыптаса бастайды. Онымен салыстыру көбінесе өзін-өзі қанағаттандырмайды және өзін өзгертуге тырысады. Осыдан өзін-өзі жетілдіру басталады.

Өзін-өзі жетілдіру өте күрделі процесс, көптеген қырлары бар. Кейде бұл беттер соншалықты нәзік, сондықтан дамып келе жатқан адамның көмегінсіз жасай алмайсыз. Мұндай көмекті «өзін-өзі тану» пәнінен сабақ беретін жалпы білім беретін мектептердің педагогтары толық көрсетеді.

«Өзін-өзі тану» пәні – бұл әр бала өз жүрегін тыңдауды және тек жақсы нәрсені жасауды үйренетін таңғажайып тақырып. Тек осы жол арқылы олардың әрқайсысы өмірде өз орнын таба алады. Өмірлік құндылықтардың сұлулығының осы жолынан өткеннен кейін ғана әр бала жердегі адамның миссиясын орындай алады. Өйткені, адамда руханият, мораль неғұрлым көп болса, соғұрлым ол адам болады. Олардың әрқайсысы жауапкершілігі бар, жылы, мейірімді, сезімтал әлеммен қарым-қатынаста болады.

Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану

УТЕШОВА НУРСУЛУ АСКАРОВНА

Қостанай облысы, Рудный қаласы

« № 13 ЖББМ» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін.

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Макаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең

алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі.

Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойын: Ұлттық Дидактикалық Логикалық

«Ақсүйек», «Көкпар», «Қанталапай», «Арқан тартым», «Көксерек - мөксерек» «Мың бір мақал», «Ғажайып алаң», «Сергіту сәті», «Сөз құрау», «Жұмбақ есеп», «Әріпті кубиктер»

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған

білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін.

Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық

І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық «Дыбыс таңдау ойыны» Ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.

«Адасқан әріптер» ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б.- бор

2. а, ш, а, ғ.- шаға

Лексика бойынша «жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда...

Ұшқанда

2. Көп...

Терең...

«Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан - жануарлардың суреті ілінеді.

Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?

«Жылдам жауап» ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал - мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек.

Морфология саласы бойынша. **«Ойлан тап» ойыны.**

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан» ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.

Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян."Бата алмас түлкі, Үсті тікен.. кірпі

«жалғасын тап ойыны»

Атаңның баласы болма, /адамның баласы бол/

«Сөз қуаласпақ ойыны»

Ойынның шарты: 1 - қатардағы оқушыларға «бастауыш», 2 - қатарға «баяндауыш»деп ат қойылады. «Бастауыштар»сөйлемде бастауыш болатын сөздерді айтады, «Баяндауыштар» оған қимылды білдіретін сөздерді қосып, сөйлем құрайды.

Әр ойынды ойнар кезде сол ойынға сәйкес өлең оқу арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Сабаққа ынтасын, ықыласын бірден аудару мақсатында өлең есепте қолданудың маңызы зор. мысалы:

Бізде қызық ойын бар

Ал, ықылас қойыңдар.

Қане, тәртіп сақтайық,

Баспалдақтан аттайық,

Есептеуден қашпайық,

Жұлделі болып қайтайық.- балалар зейіндерін аударып, тақтаға екі жағынан жарыстыра сатылап, мысалдарды шығарту. Балалар төменгі сатыдан жоғарғы сатыға шығып мәредегі ойыншықты алады. Бұл ойынды «қоянға көмектесейік» немесе «балапанды құтқарайық» деп атауға болады.

Әр сабақта ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы бүлдіршіндердің оқуға деген ынта - ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті» Сабақта сергіту сәтін оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Мысалы: « Ұзын құлақ, сұр қоян». Немесе, дене қимылдарына қатысты сергіту ойындары: «Әй, шымыжық, шымыжық»

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы:«Шөжелерім», «Әйгөлөк». «Қаражорға»

Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.

Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда

әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады.

Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген екен. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай?

Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда

Оқы да біл,

Ойын - еңбек.

Ойна да күл,

Ойын - оқу, - деп сөзімді аяқтағым келеді.

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

ШУКРАЛИЕВА НАГЫМА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
EtonHouse Kazakhstan халықаралық мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-

бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсартады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады. Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.
- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық

жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.

- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.

- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.

- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.

- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.

- 4. Топтық сананы құру амалдары:

- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.

- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:

- мақсатқа сенімділік;

- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;

- жетекшіліктің оңтайлы стилі;

- басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге,

бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

• Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

2. балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;

3. оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;

4. оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,

5. қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;

6. мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

АППАСОВА АЯЖАН ЖИЕНБАЕВНА

*Алматы облысы, Талдықорған қаласы
№ 12 Байтерек бөбекжайының, тәрбиешісі*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын.

Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес.

Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша тандау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын

белгілеу, үлгі бойынша қою .

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді

құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

КЕНЖЕГАЛИЕВА НАДЕЖДА СЕРИККАЛИЕВНА

Орал қаласы №49 ЖОББМ

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеші

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде.

Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.


Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.

Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.



Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бірекі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.

«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.

Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы : әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

МАЗМҰНЫ

- *ТУЛЕКЕЕВА АЙГЕРИМ САГАТАЕВНА*
- *МҰХАНОВА АЛТЫНАЙ ҚҰРМЕТҚЫЗЫ*
- *КЕНЕГЕСОВА ЖАДЫРА МЫНТУРГАНКЫЗЫ*
- *ДЖЕНТИНБАЕВА УЛЬЯНА КИНАБОВНА*
- *ЕЛЕМЕСОВА ЛАЗЗАТ КУРМАНГАЗИЕВНА*
- *УТЕШОВА НУРСУЛУ АСКАРОВНА*
- *ШУКРАЛИЕВА НАГЫМА*
- *АППАСОВА АЯЖАН ЖИЕНБАЕВНА*
- *КЕНЖЕГАЛИЕВА НАДЕЖДА СЕРИККАЛИЕВНА*